

**«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ
«Облыстық АИТВ-ның алдын алу орталығы» МКК**

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қ.

27 ақпан 2026 ж.

Қатысқандар: кәсіпорынның директоры Уранкаева Г.К., кәсіпорынның қызмекерлері.

Күн тәртібінде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылу фактілері немесе бұзылу қаупі туралы хабарлау тәртібі» ішкі нормативтік құжатты қайта зерттеу

Комплаенс-офицер Г.Д.Салимов: Құрметті әріптестер!

Бүгін мен сіздерге өте маңызды құжатты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылу фактілері немесе бұзылу қаупі туралы хабарлау тәртібі» атты нұсқаулықты қайталап түсіндіргім келеді. Біздің міндетіміз – сіздердің әрқайсыңыздың өзіңзді қалай қорғау керектігін және қиын жағдайда қалай әрекет ету керектігін нақты білулеріңіз.

Бұл нұсқаулық не туралы? Ол екі негізгі жағдайды қарастырады.

Бірінші жағдай: Сізді заң бұзуға көндіруге тырысқан кезде. Егер пациент, келуші немесе кез келген басқа адам сізге ақша, сыйлық немесе қызмет үшін «алғыс» ұсынса (мысалы, анықтаманы тез алу үшін, кезексіз өту үшін) немесе бір нәрсені «жасыруды» сұраса, бұл – сыбайлас жемқорлық.

Не істеу керек? Бұл туралы дереу басшылыққа хабарлау міндетті.

Қалай хабарлау керек? Жазбаша түрде. Арнайы өтініш (хабарлама) жазып, оны кәсіпорын басшысына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа жауапты тұлғаға тапсыру қажет. Өтініште: кім, қашан, қандай жағдайда және нақты не ұсынғанын көрсету керек.

Бұл не үшін керек? Бұл сіздің қалқаныңыз. Егер сіз сыбайлас жемқорлық әрекеті туралы хабарламасаңыз, заң бойынша сіз де жауапты бола аласыз. Хабарладыңыз – өзіңзді қорғадыңыз.

Екінші жағдай: Сіз әріптесіңіздің заң бұзғанын байқасаңыз. Мысалы, сіз әріптесіңіздің пациенттен ақша талап еткенін көрдіңіз немесе білдіңіз.

Не істеу керек? Бұл туралы хабарлау керек.

Қайда хабарлау керек? Қайта сол лауазымды тұлғаларға. Әр осындай факті бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия шақырылады. Сіздің хабарламаңыз бойынша комиссия жиналып, қызметтік тексеру жүргізу туралы шешім қабылдайды.

Есте сақтайтын үш басты нәрсе бар:

Бұл «ұрыну» емес, бұл өзін-өзі қорғау. Біз заңды сақтауымыз керек. Жемқорлық туралы хабарлау – бұл азаматтық борыш қана емес, сонымен қатар сізді қылмыстық жауапкершіліктен қорғаудың жалғыз жолы.

Құпиялылық. Нұсқаулықта сіздің хабарламаңыздың құпиялылығына кепілдік берілген. Сіздің атыңызды тек тексеру жүргізетін комиссия мүшелері ғана біледі.

Анонимді хабарламалар қаралмайды. Тек өз деректеріңізді көрсеткен жағдайда ғана өтініш заңды күшке ие болады және қарастырылады.

Қорытындылай келе: біздің әрқайсымыздың қолымызда – нақты әрекет ету жоспары бар осы құжат. Егер сізге күдікті ұсыныс түссе, өзіңіз шешім қабылдамаңыз. Үндемеңіз. Керісінше, біздің тәртіп бойынша жазбаша хабарлама жазыңыз. Бұл сізді де, біздің ұжымды да қорғайды.

Жиналыс төрағасы:

Комплаенс офицер



Уранкаева Г.К.

Салимов Г.Д.